"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 12 қаңтар 1995 ж. N 44

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 5 қазандағы N 177 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге бір ай мерзім ішінде Үкімет шешімдерін "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарауды және жоюды қамтамасыз етсін;

ЖҚТБ ауруының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Республикалық орталықтың материалдық-техникалық базасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдансын;

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірге ЖҚТБ ауруының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың иммунологиялық лабораторияларды емханалар мен стационар орталықтарды өрістететін материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Адамның иммундік қорғанысын әлсіреттетін вирус жұққан немесе СПИД-пен ауыратын адамдарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" СССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 18 қыркүйектегі N 947 қаулысын жүзеге асыру туралы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 29 қазандағы N 430 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК